

Жобалық оқыту – кәсіби шеберхана

Жобалық оқыту – кез-келген студенттің білімін шыңдайтын, жеке тұлғалық жетістікке қол жеткізуіне ықпал жасайтын оқыту үрдісі.

Студентті ізденіске, зерттеуге, қаралатын нысанның қыр-сырын білуге жетелейтін, ерекше жоба туралы сөз еткім келеді. Мен ең алғаш көркем емес мәтіндерді жазуға үйренетін, тиімді мәтіндер авторы болуға дайындайтын жобатуралы естіп, қатысып көруге бел байладым. Себебі, сұранысқа ие қандай да болмасын кәсіби маман, алдымен шебер сөйлей алатын, ұтымды баяндай алатын, жоспар-есептерін жоғары деңгейде жаза алатын адам.

Жобаға келген сәтім әлі есімде. Бізге мәтін жайлы толық ақпарат, мәтінге байланысты жаңа мамандықтар жайында, мәтінді қалай жазу жөнінде, мәтінді қалай зерттеу керектігі жөнінде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда мәтіннің барлық қыр-сырын түсіндірді. Осы сәттен бастап жобаға деген қызығушылығым арта түсті.

Көз алдыңызға елестетіп көріңізші... Бұл жоба үлкен құдіретті күші бар цех секілді. Цех дегеніміз шикі өнімді дайындайтын, өңдейтін, жарыққа шығаратын орын. Цехке ең алғаш өнім шикізат түрінде келеді, содан кейін, мысалы, гауһар тасты алар болсақ, алдымен оны түрлі металдармен тазалайды, жылтыратады өзіндік процестерден өткізіп, соңғы нәтижесінде гауһар тас деген атқа лайық болған сәтте ғана, сатылымға ұсынылады. Сол секілді жобада бізді нағыз өз ісінің, яғни мәтін жазудың хас шебері, сонымен қатар, шешендік өнермен сусындауға, болашақта саналы да салиқалы маман ретінде қалыптасуға біздің жетекшіміз аямай күш жігерін төгуде.

Бұл жобаның үлкен өнімі – студенттер өз бастарынан қиындықтарын, қызық жайттарын өткеріп, мәтін құрылымы оның жазылуы, оның зерттелуін үйрене жүріп оқу орнына арнап журнал шығару. Бұл жетекшінің де, студенттердің де үлкен жемісі.

Біздің жобалық цехте авторларды дайындаудың ғылыми – шығармашылық жұмысы жүзеге асырылып жатыр. Жобаға қатысушы студенттер мәтін жазудың тиімді әдіс-тәсілдерін, жанрларын, талдау мен бағалау жолдарын тренингтер, практикалық тапсырмалар жүзінде меңгеруде.

Мықты мәтіндер дайындауда тәжірибесі жоқ студенттерді гауһар тастай қашап, оларды авторлыққа дайындау – жобаның негізгі мақсаты. Гауһар тастың қаншалықты қыры көп болса, соншалықты құнды, бағалы. Сол секілді студенттерде жобада жан-жақты қырынан танылып, шебер автор ретінде қалыптасады.

Филология мамандығының 3-курс студенті,

Гүлсара Құттымұратова